

**Шал ақын ауданының аумағында 2010 жылдың қаңтар-наурыз айларында 1993 жылғы және жастары үлкен, бұрын тіркеуден өткізілмеген азаматтарды әскерге шақыру учаскесінде тіркеуден өткізу туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің 2009 жылғы 24 қарашадағы N 20 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 20 желтоқсанда N 13-14-89 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің 2011 жылғы 7 қазандағы N 22 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің 2011.10.07 N 22 Шешімімен**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-11 Заңы 33-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, «Әскери міндет және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74-111 Заңы 17-бабы 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы әскери міндеттілер мен әскерге шақырылатындардың әскери есебін жүргізу тәртібі туралы Ережеге сәйкес, аудан әкімі **ШЕШТІ:**

1. Шал ақын ауданының аумағында 2010 жылдың қаңтар-наурыз айларында 1993 жылғы және жастары үлкен, бұрын тіркеуден өткізілмеген азаматтар әскерге шақыру учаскесінде тіркеуден өткізілсін.

2. Селолық округ әкімдеріне:

1) ауданның қорғаныс істері бойынша Біріккен бөліміне әскерге шақырылатын жасөспірімдердің тізімін ұсынсын;

2) әскери есепті жүргізетіндердің басшылығымен әскерге шақырылатын жасөспірімдердің жиналу пунктiсiне белгіленген мерзімде әскер қатарына шақырылатындардың келуін қамтамасыз етсін.

3. Ауданның қаржы бөлімі әскерге шақыру учаскесінде азаматтардың тіркеуін өткізу үшін, қажетті техникалық жұмысшыларды күту үшін қаржы қаражатының уақытылы бөлінуін қамтамасыз етсін.

4. Орталық аудандық ауруханаға (келісім бойынша):

1) кеуде жасушалар ағзаларының флюорографиялық зерттеуін, группасын және резусын анықтаумен қан анализін, белокқа несептің зерттеуін, жүректің электрокардиограммасын жасауды қамтамасыз етсін;

2) әскерге шақыру учаскесін керекті дәрі-дәрмекпен, медициналық жабдықтармен толықтырсын.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Елена Петровна Кузичеваға жүктелсін.

6. Осы шешім бірінші ресми жарияланғанынан кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

*Аудан әкімі*

*А. Әмрин*

*« К Е Л І С І Л Д І »*

*Орталық аудандық*

*Б.Ә. Әбдімәлікұлы*

*аурухананың*

*бас дәрігері*

*Шал ақын ауданының*

*Л.М. Мұқамеджанова*

*қаржы бөлімінің*

*бастығы*

*Шал ақын ауданының қорғаныс істері*

*Р.Р. Мұратбеков*

*бойынша Біріккен бөлімінің бастығы*